



ФОТОРЕПОРТАЖ



СУ мен ЖЕЛДІҢ ӘЛЕГІ

(Жалғасы 3-бетте)

ТІРШІЛІК

Есін жиған соң өз-өзіне келе алмай ұзақ жатты. Бар денесі, бүкіл ағзасы қаусап қалғандай. Басы бар болғыр көтертетін емес, құтты шойынмен қаптап қойған тәрізді. Тар кереуеттің қос қапталынан ұмсына ұстап, өзін-өзі демеп, орнынан тұрмақ болған. Сол сәтте аяғына көзі түскенде, көзінің алды қарауытып жүре берді. Шындығында қос аяғын көрген жоқ еді. Қайдан көрсін, қара саннан жоғары шорт кесіп тастаса.

Талмаусырап жатып тағы да есі кірген. Енді осы бір қасіретке ұрынардың алдындағы соңғы суреттер көз алдына келе бастады. Омбы қаласына көз байлана жеткен. Жолсоқты болып қатты шаршапты. Машинасы сынып қалған соң ылаулап жеткен. Бір көліктен соң бір көлікке мініп, жол шетінде жалғыз құрай құсап қанша тұрды.

ТАҒДЫРМЕН ТАЙТАЛАС



(Жалғасы 3-бетте)

TREND

БАЙЛАНЫП ҚАЛҒАН ЖОҚ



Теңге бағамы Ресей рубліне тәуелді емес деуге толық негіз бар, мәлімдеді. Жыл басынан бері терістік көршіміздің ақшасы 18 пайызға құнсызданды. Ал теңге бойынша көрсеткіш – 8,8%. Валюта бағамының динамикасы теңгенің дамыған елдердің валютасы болып табылатын доллар мен еуроға шаққанда құнсызданғанын көрсетеді.

Ұлттық банк
23.08.2018



БИРЖАМЕТР

DOLLAR
\$ 361,66

EURO
€ 419,13

РУБЛЬ
₽ 5,34

МҰНАЙ (brent)
74,30

БОЛҒАН ОҚИҒА ІЗІМЕН

БАУКЕСПЕ

– 2005 жылдан бері көлік ұрлығымен тұрақты айналысқан...
– Жыл сайын бір емес, бірнеше темір тұлпар ұрлап, сатып, заңсыз жолмен пайда тауып отырған...
– Көліктің кузов нөмірін заңсыз жолмен өзгерткен. Құжатын заңсыз жасаған...
– Нұрлан Жыланбев (тегі өзгертілді) 3 жылға бас бостандығынан айырылсын!..



(Жалғасы 5-бетте)

4

ШАРДАРАНЫҢ
КИПРДЕН
НЕСІ КЕМ?

ҚАҢҒЫБАС
БАЛА

6

ҰЛЫ
ТҰЛҒАЛАРМЕН
СҰХБАТ

7

БАЛА
БҮРКІТ

8

on the web
JASQAZAQ.KZ

ҮКІМЕТ

Газетіміздің өткен санында көмір бағасының көтеріле бастағанына тоқталған едік. Байқаймыз, отын мәселесі қарапайым жұрттың ғана емес, үкіметтің де назарында. Әйткені осы аптадағы үкімет отырысында алдағы жылу маусымына дайындық жағы пысықталды.

ғана орындалған. Алматы қаласында жоспар бойынша 23 мың тонна, іс жүзінде 14 мың тонна жеткізілді. Жоспар 61 пайызға орындалған», — деп атап өтті Жеңіс Қасымбек. Көмір тиеу жоспарының орындалмауына жүк жөнелтушілерден бас тарту хаттарының түсуі, жекеменшік вагондардың уақтылы келмеуі және тиісті көлемдегі көмірдің тиелмеуі себеп. Осыған орай, министрлік «Қазақстан теміржолымен» бірлесе отырып, ішкі байланысты көмір тиеумен қамтамасыз ету бойынша жұмыс жүргізіп жатыр.

дайын. Жоспарланған 2 194 км жылу желілерінің қазіргі уақытта 1 894 шақырымы (87 пайыз) жөнделді.

«Биылғы жылдың 7 айында 60 млн тонна көмір өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 4 пайызға артық. Сіздің 2018 жылғы 7 тамыздағы тапсырмаңызға сәйкес, жылу беру маусымын тұрақты өткізу мақсатында инвестициялар және даму министрлігі мен энергетика министрлігінің штаб құру туралы бірлескен бұйрығы шықты. Штаб 2018-2019 жылдар кезеңіндегі жылу беру маусымына дайындық барысы мен оның

КӨМІР КЕРУЕНІНЕ КЕДЕРГІ ЖОҚ

Қоңыр күз тақаған сайын отын мәселесі де өзекті. Өткен қыста көмір үшін нағыз «шайқас» жүргенін көпшілік ұмыта қойған жоқ. Жиында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев әлеуметтік саладағы нысандар мен үйлерді жылумен қамту дайындығына әкімдердің жауапты екенін еске салды. Қыстағыдай көмір тапшылығына жол бермес үшін әкімдерге жеткізу кестесін, қабылдау пункттері мен саудалау жағын тексеруді тапсырды. Бұған екі апта уақыт берілді.

«Тұтынушыларды, соның ішінде тұрғындарды көмірмен қамтамасыз ету мәселесіне айрықша назар аударамын. Үкімет ішкі нарықты көмірмен үздіксіз жабдықтау үшін қажетті шараларды қолға алды. Сондай-ақ жылжымалы состав тапшылығы да шешілді. Көмір тиеуге ешқандай кедергі жоқ. Сондықтан тұрғындарды көмірмен қамту аудан әкімдерінің жауапкершілігінде», — деді Премьер-Министр.

Инвестициялар және даму министрі Жеңіс Қасымбек үкімет отырысында жылу беру маусымына қатысты баяндама жасады. Оның айтуынша, жылу маусымына дайындық басталғалы теміржол арқылы 18 621,2 мың тонна көмір тасымалданды.

Дегенмен кей облыстар көмір жеткізу жоспарын орындамаған.

«Мәселен, Жамбыл облысында жылу беру маусымынан тамыз айына дейін жоспар бойынша 71 мың тонна көмір жеткізілуі керек еді, іс жүзінде 24,7 мың тонна ғана жеткізілген. Жоспар 34,8 пайызға



«Бүгінгі күні тасымалдауға «Қазақстан темір жолы» Акционерлік қоғамы паркінің шамамен 9 мың вагоны жұмылдырылған. Тасымалдау көлемі ұлғайып, қосымша вагон керек болса, басқа теміржол әкімшіліктерінен 1000 вагон тартылатын болады», — деп хабарлады министр.

Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандарының жылу беру маусымына дайындық барысына келсек, 10 232 білім беру нысаны (94 пайыз) дайын. 5 971 денсаулық сақтау нысаны (95 пайыз) сакадай-сай. Жөнделуі тиіс 45 503 тұрғын үйдің 35 551-і (79 пайыз) жөнделді.

«Әкімдіктер 10 558 автономдық қазандықты жөндеуді жоспарлаған болатын. Қазір 9 521 (91 пайыз) қазандық

тұрақты өтуін бақылайды. Атап айтқанда, коммуналдық-тұрмыстық саланың, тұрғындар пен электр стансаларының көмірмен қамтамасыз етілуін қадағалайды. 2018-2019 жылдар кезеңінде тұрғындарға, коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындарға және бюджеттік ұйымдарға республика бойынша көмір жеткізудің жалпы сұранысы айқындалған. Оның көлемі 9,8 млн тоннаны құрайды, соның 2,3 млн тоннасы коммуналдық-тұрмыстық кәсіпорындар мен бюджеттік ұйымдарға, ал 7,5 млн тоннасы тұрғындардың тұтынуына жоспарланған», — деді Жеңіс Қасымбек.

(Өз тілшіміз)

Әлеумет.т⁰



Қаладан қашықтау тұрған соң, ертелі-кеш адам алып жүретін әдетім бар. Жұмыстан кеш шықкам. Үйреншікті дағдым бойынша, түн ортасында қол көтеріп тұрған бір қызды ала кеттім. Көлікке отыра сала «Ағай, Қонаев көшесіне жеткенде оята салыңызшы» деді. Өзі басын шалқайтып, көзін жұмып, ұйықтауға дайындалып жатыр.

— Айналайын, қарындасым! Алыс жол емес, мына тұрған жер. Ұйқыңды арам қылмай, үйіне жеткенде ұйықтасаншы. Әңгіме айт! Түн жарымында қайдан шықтың, қайдан келесің? — деп сөзге тарттым. Мойнын сәл бұрып «шаршап тұрмын» деді селсок.

— Жер аудардың ба? — деп китығына тидім.

— Жеріңіз не, тау қопарып келемін, — деп мырс етті.

қосымша білім алар едік, — деп әзілмен басталған әңгімені ресмилендіріп жіберді. Осы кездесуден бір апта өтпей жатып, бүкіл ел көлемінде педагогтардың «Тамыз кеңесі» басталып кетті.

Түркістан облысында өткен тамыз кеңесінде өңір басшысы Жансейіт Түймебаев «Мұғалімдерді жөнсіз жұмсау тоқтатылуы керек» деп, ұзақ жылдардан бері жырға айналған ұстаздар мәселесін қозғады. Министр, елші, одан кейін облыс әкімі болған Жансейіт Түймебаевтың өзі қызметін мұғалімдіктен бастаған. Ұстаздар қауымын қорғап сөйлеген сөзінде «Ұстаз қайратты болса, еңсесі биік болса, мықты шәкірт тәрбиелейді. Бұдан былай мұғалімдерді жөнсіз жұмсау, өз міндетіне

КҮНДІЗ – МҰҒАЛІМ, КЕШКЕ – ДАЯШЫ

Одан ары әңгімеміз жараса кетті.

Әлгі қыз Алматыда белгілі бір мектепте қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ береді екен. «Жұмыс өтілім мен сағатым аз болған соң, айлығым да мардымсыз. Қара басыма жетпейді. Сондықтан күндіз мектепте мұғалім, түнде мейрамханада даяшы болып жұмыс істеймін» деп, бойын тіктеп отырды.

— Ойпырмай, той тарағанша жүрсен, ертен сабақты қалай бересің? — деп басымды шайқалдым.

— Үйреніп кеттім. Оның үстіне сабақтарымды түске дейін қойдырып алғанмын. Түстен кейін ертеңгі сабаққа дайындалып, бір-екі сағат көз іліп те үлгеремін. Ал тойыңыз кешке басталады ғой, — деп қылы жымиды.

— Сонда да қиын сияқты. Өзін жассын. Жігітпен кездесіп, қыдыруың, киноға, театрға баруың керек дегендей. Жұмыс, жұмыс деп жүргенде, алтын уақытын өтіп кетеді, — деп өзімше ақыл айтқан болдым.

— Оны кім ойламайды ғой дейсіз? Егер мұғалімдердің айлығы шайлығынан асса, неміз бар қос-қос жұмыс істеп? Сабағамызды беріп, бос уақытымызда ізденіп,

кірмейтін шаруаларға жұмсау тоқтатылуы керек. Ұстаздардың жағдайын көтеру мәселесі үкімет тарапынан да назарға алынып келеді. Сондықтан бәріміз бірлесіп отаншыл, намысты ұрпақ тәрбиелеуге, Түркістанды дамытуға атсалысайық. Жігі кездесіп тұрайық. Ұстаздар қауымына қолдау көрсетуге дайынбыз», — деді.

Шынында да, ұстазға құрмет көрсетуді қазірден қолға алмасақ, кеш қалатынымыз айдан анық. Бұрын мұғалім болу деген абыройлы мамандық еді ғой. Ол туралы газетіміздің өткен сандарында жазғанбыз. Ал қазір ұстаздық ең абыройсыз, табысы аз кәсіпке айналғандай. Мәселен, биыл 25 балл алған мектеп бітірушілер педагогика саласы бойынша мемлекеттік грантты жеңіп алытты. «Жеңіп алыпты» деген сөзді айтудың өзі ұят. Өйткені бұл мамандыққа ешкім таласпаған соң, үлкен конкурс болмағаны анық. Таңдаған түлектің бәрі талассыз түскен. Әсілі, ұстаздық деген ұлы мамандыққа түсу де, ұстаз болу да бұлай болмауы керек еді.



Жарас ШӨКЕ

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

3

млн. Биыл мектепке баратын жалпы оқушылар саны

400

Ақмола облысында жыл басынан бері ұрланған осынша мал иелеріне қайтарылды

2000

Астанада осынша үлескер өздеріне тиесілі баспанаға қолы жетпей жүр

13

полицей Денис Теннің өлімінен кейін жазаланды

1+3

Бақытжан САҒЫНТАЕВ,
Премьер-Министр:

«Жүргінішілер, қоғамдық көлік зардап шекті. Мемлекет басшысы нөсер канализациясын жаңғырту туралы тапсырма берген жоқ па? Қаладағы жағдайға әкімдік жауапты екені бәрімізге белгілі. Адамдар мен қоғамдық көлік зардап шекпеуі тиіс. Тіпті автобустың ішіне дейін су кіріп кетті. Су басатын көшелерді алдын ала тазалау керек. Бұл жайында қала тұрғындары да айтып жүр. Құдықтар мен арықтарды уақытында тазалап отырса, мұндай жағдай қайталанбас еді»

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
Парламент Сенатының төрағасы:

«Президенттің тапсырмасына қарамастан, Астана толассыз жауынға, басқа да табиғи жағдайға үнемі дайын емес. Тұрғындардың зардап шегуіне қоса, қаланың халықаралық беделіне нұқсан келеді. Бұл түйткілді Астананың 20-жылдығына дейін-ақ шешуге болар еді. Сенаторлар шұғыл шара қолдануды талап етеді» (Twitter-дегі жазбасынан)

Әсет ИСЕКЕШОВ,
Астана әкімі:

«20 минутқа созылған нөсерден кейін мұндай жағдай болып тұрады. 2018 жылы Сингапур, Мәскеу, Киевте, сондай-ақ Германия, АҚШ, Франция

қалаларында тәп-тәуір нөсер канализациясына қарамастан, осындай төпелеген жауыннан кейін көшелерін су басты.

Қазір табиғи монополиялар туралы заңда ағын судан арылту қызметі реттелмеген. Біз «Астана Тазалық» базасында дәл соған жауап беретін кәсіпорын ашып, жағдайды бақылап отырсақ»



АПТАНЫҢ САУАЛЫ: ➡

«Қаладағы кейбір көшелерде арықтардың бетін бетон тақтамен жауып жатыр. Ертеңгі күні олар бітеліп қалмай ма?»

ЖАУАП: ➡

Нұрлан ҰРАНХАЕВ, Алматы сәулет және қала құрылысы басқармасының басшысы:



«Біз Абай-Достық және Абылай хан даңғылындағы күрделі учаскелерді жаптық. Арықты құбырға «тыққан» дұрыс емес. Онда су да, судың сылдыры да болмайды. Егер арықта үнемі су ағып жатса, айналасын салкындатады дер едік. Біз бетін жабу арқылы суды сақтаймыз. Өйткені арық тек көктемде, қар еріген кезде ғана толады. Қалған уақытта құрғап жатады. Сондықтан оны кім көрінген «пайдаланады» (informburo.kz)

7 сөз ЖЕКСЕНБІДЕН БАСТАП
РЕСЕЙДЕН ЖАНАРМАЙ
ӨКЕЛУГЕ ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ

(Басы 1-бетте)

Таңдайы кеуіп сусаған соң қалың қараңғылықты жамылған Омбының шетіндегі, теміржолдың бойындағы дүңгіршекке бас сұққан. Әлгі ұлына үй алып беремін деген ниетпен ортасынан жінішке резеңкемен бұған бір бума ақшаны суырып алмасы бар ма? Жамандыққа жетелеген осы ойсыз қадамы екен. Өкпек жолаушылардың өне бойы суық көзімен тіптікілеген сатушы хабар берді ме, әлде жол бойын торыған қарақшылардың өз адамдары болды ма, әйтеуір, шөлін қандырған соң теміржолдан аттай бере дәл құлақшекеден жойқын сокқы тиген. Есінен танып қалыпты. Ауруханада жатып ес жиған. Кейін білді, қаныпезер қарақшылар қалтасындағы балама үй әперемін деген бар ақшаны үптеп кеткенімен қоймай, теміржолдың бойына көлденең тастап кетсе керек. Көзге түртсе түк көрінбейтін жеті қараңғы түнде ысылдан-пысылдап жеткен, салмағы мың батпан пойыз тұраған да кеткен. Көрер жарығы таусылмапты.

Аурухана төсегіне танылып жатып акселеулі Қызылтудын



төзіп, ауыртпалығын аркалауға шарболаттай дайын болып, саудаға кіріскен. Ол тұста кеудесінде жаны бардың бәрі қыбырлап жүріп сауда істемекші болды ғой. Бірақ онда да әркімнің пешенесіне жазылған сыбағалы дүниесі болады екен. Біреулер бастады да, қолдары жүрмеген соң тастады. Ал ырыздығы осыған шығар, Рамазан Қазбекұлының саудасы күмпілдеп жүріп берді. Бұрынғы қазақ дұрыс айтқан екен: «малшының малы жылына бір-ақ рет туса, саудагердің малы

QOĞAM

www.jasqazaq.kz

E-mail: jas_qazaq@mail.ru



3

Бірақ болмалы ғой, болмалы. Бұрынғы күйзеліске жаңа қайғы жамалған. Бұрынғыдан да ауыр, бұрынғыдан да ашы.

Өмір бәрібір сүйікті. Қиып кете алмас еді. Жан жары бар ғой, үш перзенттің соңғысы құйтақандай қызы бар ғой. Солардың тіршілігі үшін.

Қазір Рамазан Қазбекұлы Зеренді селосының дәл ортасындағы кішкентай алаңқайда шеберхана салып жатыр. Өзі тәрізді мүгедектердің қол арбалары мен балдақтарын жөндеп бермек. Қол арбаның өзінде подшипник көп екен. Сәл қисайса, сүріне жығылса, онбай опырылып қалады. Ал қарға адым жер мұн болып отырған мүгедекке оны жөндеп алу қайдан оңай болсын. Ендігі арада тағдырдың тәлкегіне төзіп келген Рамазан Қазбекұлы әлгі міскіндердің мүлкін тегін жөндеп бермек.

— Мүгедектің жанын мүгедектен басқа кім түсінеді? — дейді Рамазан Қазбекұлы, — он екі мүшесі сау адамдар күн көрудің қамымен қабырғалары қайысып жүргенде, өз бетімен жүріп-тұра алмайтын кәріптер қайтып күн көрмек. Күнкөріс былай тұрсын, жан дүниелері де жабырқап жүрмей ме. Олардың да бір сәт қайғы басқан аспанын сәулендіру керек шығар. Осыны ойлап

Ақпарат ағыны

Жазғы демалыс аяқталып, мектепке баратын кез тақады.

Шәкірттер сабаққа дайындалып жатса, Қарағандыдағы жоғары сынып оқушысы көшеде есірткі сатумен айналысыпты.

Оқушы қызбен есірткі

КТК

телеарнасы хабарлағандай, күдікті есірткі салынған түйіншектерді қаланың әр бұрышына көміп жатқан сәтте ұсталды.

Құқық қорғау мекемесі әлі кәмелеттік жасқа толмаған қыздың анасын тергеуге шақырды. Бойжеткен бұл «кәсіпті» әлеуметтік желіден тапқанын айтып ақталды. Тінту кезінде оның қалтасынан ішінде синтетикалық есірткісі бар 15 ұсақ түйіншекті тауыпты. Есірткі саудагері күн сайын 40 түйіншекті жеткізіп, әрқайсысына 800 теңгеден алып отырған. Оқушының қылмысы дәлелденсе, 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін.



Қауіпті шұжық

Ресейден өкелінетін шұжық өнімдерінен адам өміріне қауіпті ішек таяқшасы табылды. Бұл туралы денсаулық сақтау министрлігінің қоғамдық денсаулықты сақтау комитеті хабарлады.



Ағымдағы жылдың соңғы 7 айында ресейлік шұжық өнімдерінің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізілген. Нәтижесінде «Омск

беконы», «Микоян ет комбинаты», «Парицyno» және «Курников» шұжық комбинаттары өнімдерінен натрий нитратының 2-3 есе жоғары екені анықталды. Жауапты мекемелер мен өндірушілер тарапынан тиісті шаралар қолданылууда.

Алданып қалмаңыз!

«Үй алам» деп алданып қалмаңыз. Өйткені өлімізде 7-20-25 бағдарламасының атын жамылған құрылыс компаниялары көбейген» деп хабарлайды КТК арнасы. Әккі маркетингтер ұқсас жарнама шығарып, аңқау жұртты қармағына түсіріп жатқан көрінеді.

«Баспана ИК» АҚ басқарма төрағасы Қайрат Алтынбековтың айтуынша, 7-20-25 жарнамасын пайдаланып жатқан құрылыс компаниялары бар. Сондықтан әрбір жарнаманы үніле қараған дұрыс. 7-20-25 бағдарламасының жұмыс істей бастағанына бір айдан асқан. Осы уақыт аралығында үй алам деушілерден 18 миллиард теңгеге сұраныс түсіпті. Банктер оның 12 миллиардын мақұлдады.



жалпақ даласын ансады. Сәуірдің ақ таны құланиектеніп атқан кезде үй жанындағы қазотын жалаң аяғымен басып жүрер еді. Жылқы табынынан биесін ұстайтын. Анау шет-шегі жоқ қырларда құлдыраңдаған құлыншақпен жарысып ойнар еді-ау. Мынау жарық дүниеде бақыт дегеннің өзі адамның екі аяғы екен ғой. Қара жерді қаз басып, ел қатарлы қалқайып жүргенге не жетсін, шіркін?! Ендігі жатысы мынау, кескен томардай болып.

Тағдырдың мұндай сұмдық тәлкегіне тұңғыш рет түскен Солтүстік Қазақстан облысының Уәлиханов ауданы Мортқық ауылының тұмасы Рамазан Хасенов бір сәт өмірден түніліп кеткендей де болды. Бірақ бойын тез жинап алды. Тақа жасық емес еді ғой. Жан-жақтан қауапалап келген қалың ой, тұла бойында түршіктіретін ашы ой кететін емес. Қайта еңсесін басып бара жатыр, серпілгісі келеді, сергігісі келеді. Бірақ оған мұрсат бар ма?

Рамазан Шучье қаласындағы индустриалды-техникалық училищеде білім алған. Еңбек жолын өз елінде бастаған. Әуелгі бетте тағдыр да күле қарап, шуағын төккендей еді. Бар шаруасы өзі ойлағандай болып келе жатқан. Азамат атанды, ат жалын тартып мінді. Кеңшардағы ортан қолдай маманның бірі. Одан артық тәйір-ай, тірі жанға не керек дейсін. Тек осы бір сүттей ұйыған тұрмысын 1990-жылдардың бел ортасында өтпелі кезеңнің өкпек желі бұзып кеткен. Рамазан Қазбекұлы соныдан соқпақ іздеген елмен бірге ұлы дүрмектің жетегіне ерген. Ерген жоқ, өзі тыңнан жол салғысы келді. Жер жағдайы өзіне бес саусақтай белгілі. Құнарлы жерден ойып тұрып 150 гектар егістік жер алды. Бұрын кеңшардың бар кезінде байқамапты — қосалқы бөлшек, жанар-жағармай дегеніңіз қасқалдақтың қанындай қат екен ғой. Ертеректе әлдеқайдан өз-өзінен келіп жататын, сұраған жанға жанар-жағармайды сар еткізіп құя салатын, қысылып техниканың әлдебір бөлшегін сұраса, «мә» деп қолына ұстата салатын. Енді бәрін өзі іздеуі керек. Жалғыз егінмен жан бағудың қиын екендігін түйсінген. Сөйтіп қиындығына

сәті түссе, күнде туады». Аз уақыттың ішінде босағасына береке байланды. Омбы қаласында жоғары оқу орнында оқуға ниеттеніп жүрген баласына үй әпермек те болды. Кішкентай кеудедегі үлкен арман қарақшылардың қолымен үзілді. Енді есін жинап келе жатқанда, Қызылтудын қырларына бітетін қырмызы қызғалдақтай құлпырып өсіп қалған қызын сол Омбының көшесінде машина қағып, мерт қылды. Бір қайғыға бір қайғы жамалған соң, оңай болсын ба?.. «Тас та түскен жеріне ауыр» демей ме, атам қазақ. Жүрегі езіліп кеткен. Қалай шыдағанына осы күні өзі де тан. Күрсінуден көп күндер өтіп жатты. Қараңғы, сұрғылт күндер. Арғы жағынан шуақ шашатын, арай төгетін ештеңе жоқ тәрізді. Тіршіліктің өзінде бір түйір мән қалмағандай. Осылайша, тірліктен түніліп жүргенімен, тырбанып қарекет қылуға бекінді. Жалғыз ұлға Омбыдан түнілген соң Көкшетауға бар деп кеңес берген. Онда Ш.Уәлиханов атындағы үлкен университет бар. Омбыңыздан кем емес. Енді қайтып Омбының бетін көрместей.

Жалғыз ұлдың жайын ойлап Көкшетау қаласының жанындағы Зеренді ауданына көшіп келді. Шағын азық-түлік дүкенін ашып алды. Қайтадан қаражат жиған жалғыз ұлға Көкшетау қаласынан бір баспана алып бермек. Сол арманына әне жетем, міне жетем дегенде тағы төтеннен келген қырсық жолын шалғаны. Сабақтан кешеуілдеп шыққан жалғыз ұлды көше бұзақылары қанжоса етіп ұрып кеткен. Осы соққының салдарынан ақ қан ауруына ұшырады. Жаны шықынып кетті. Бауыр еті баласынан несін аясын, ат тұяғы жететін жердің бөріне қаратты. Бірақ дауа таба алмады. Мандайына біткен жалғыз ұлы — Әсеті, мектепті үздік бітірген озат оқушы, әкешесінің көзінің ағы мен қарасын Мәскеуге де апарған. Бір анализінің өзі үш мың доллар.



жалғыз қызымның кішкентай азық-түлік дүкенінен түсетін қаражаттың есебінен демегім келеді. Мерекелік кештер өткіземіз, дастархан басында отырып сырласамыз. Арамызда өмірге құштар жандар көп. Солардың рухының мықтылығына тәнті боламын. Өмірге деген махаббаттары қайран қалдырады.

Айтуынша, мүгедектердің арасында спортпен айналысып жүргендер де аз емес екен. Аудандық, облыстық жарыстарда топ жарыпты. Республикалық «Үміт» спартакиадасына да қатысады екен.

Зеренділік спортшылардың жарысқа қатысуына жанағы кішкентай дүкеннің көп көмегі тиіп тұр.

— Жарысқа бір аламды жібере алмайсың ғой. Оның құтушісіне де қаражат табуың керек, — дейді мүгедектердің мұнын ойлап жүрген Рамазан Қазбекұлы, — әйтеуір, бір жақсы жері әйелім де, қызым да қарсы емес.

Енді жер үй салып алғысы келеді. Жер үйдің жанынан жылыжай салса. Солтүстікте не қат, көкөніс қат. Әсіресе, қысты күні көкөністің бағасы күйіп тұрады. Нәпақа түсіп жатса, жалғыз өзінің ғана емес, Зерендідегі 1850 мүгедектің арасындағы аттөбеліндегі спортшылардың да ырысы емес пе?!

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Фоторепортаж

СУ мен ЖЕЛДІҢ ӘЛЕГІ



Табиғаттың тентек мінезі Ақмола, Қарағанды облыстары мен Астана қаласын әбігерге салды. Қала көшелері суға толып, үй шатыры ұшты.



Ұлттық банк пен «Қазақстан қор биржасының» валюта операциялары да Т+1 жүйесі бойынша есептесетін «USDKZT_TOM» секторында жүзеге асырылады.

Т+1 есептесу жүйесі халықаралық тәжірибеге сай және әлемдік қаржы

Қаржы

Ұлттық банк теңгенің долларға шаққандағы бағамын белгілеуге қатысты өзгерту өнгізді. Алайда ресми бағамды белгілеу ережесі өзгермейді. Тек «USDKZT_TOD» секторынан «USDKZT_TOM» секторына ауысады. Бұл нені білдіреді?

«USDKZT_TOD» — мәміле жасалған күні есеп айырысу.
«USDKZT_TOM» — мәміле жасалған күннің ертеңіне есеп айырысу.

Осылайша үстіміздегі жылдың 10 қыркүйегінен бастап теңгенің АҚШ долларына шаққандағы ресми бағамы негізгі және қосымша сессиялардың қорытындысы бойынша орташа биржалық бағам негізінде белгіленеді.

T+1 ЖҮЙЕСІНІҢ АРТЫҚШЫЛЫҒЫ

нарығында операцияларды жүзеге асыру стандарты болып табылады.

Ұлттық банк хабарлағандай, осыған дейін қолданылған Т+0 жүйесінен Т+1 жүйесіне ауысу әлемдік қаржы нарығымен интеграцияны тереңдетуге, шетелдік инвестиция қоржындарын тарту арқылы өтімділікті ұлғайтуға септігін тигізеді. Әсіресе, бұл Clearstream жүйесі арқылы өтетін отандық мемлекеттік құнды қағаздарды қолжетімді ету жобасын іске қосқанда өз жемісін береді.

Сондай-ақ Т+1 жүйесіне өту валюта нарығындағы бағамның күрт құбылуына жол бермейді.

Отандық туризм

Шардара – Мақтаарал, Жетісай, Келес, Сарыағаш аудандары аумағындағы ірі жасанды су айдыны. Сырдария өзенінің арнасына салынған. 1968 жылы бөген шарасы суға толтырылды. Содан бері жасанды теңіз әлем картасында белгіленіп қалды. Бөгетінің биіктігі – 24 метр, ұзындығы 5,8 шақырым.



ШАРДАРАНЫҢ КИПРДЕН НЕСІ КЕМ?

Шардара алабының ерекшелігі ғылыми негізделген. Кезінде кеңестік ғалымдар зымыранның еш қиналыссыз кеңістікке шығатын айлағы осы жер деп таныған еді.

Шардара – бекіністі мекен. Бекініс қаланың оңтүстік-батысынан екі шақырым жерде. Зерттеу жұмыстарын 1950 жылы А.Н.Бернштам басқарған археологиялық экспедициясы жүргізген. Қазбадан табылған заттарға қарағанда Шардара 1-12 ғасырлардағы мекен орны болған.

Сондай-ақ Ұзын Ата, Мұңлық-Зарлық сияқты қасиетті орындары бар Шардара рухани байлықтың да кен ордасы.

«...Ал сіздер жайлап жатқан аймақ ежелден Жиделі-Байсын атанады, ежелден жан-жағын өзінің береке ырзығымен, бейбіт тіршілігімен қызықтырып келе жатқан өлке. Осы сіздер болып тойлап жатқан аймақта бір кезде Ескендір Зұлқарнайын келіп Сырдарияны көріп, мақтанып, Қазығұрт пен Қаратауды көріп, шешесі Олимпиадаға хат жазған. Мен Қосқарау деген тауды көріп тұрмын, теріскей мұхиттың жиегіне жетіп тұрмын. Сол кезде өзі алып тұрған өлкені басқа да адамдар бар екенін білдіру үшін Қорасан беттен Форасман келіп келіссөз жүргізгеннен кейін, мынау іргемізде көшпенді халықтар тұрады екен, олардан қауіп төнеді екен, сол қауіпті тойтару үшін ұлы қорған салуым

ашылғаннан өмір басқаша ризалық сипат алып, ас-судың ырзығымен сол табиғат, сол молшылық көкірегіне қуаныш сыйлайды.

Екіншіден, мұражай, көркем көрмелер, шіркеулер, түрлі-түсті дүкендер мен мейрамханалардың көптігі. Троодос тауында тау шаңғысына арналған демалыс орны да бар.

Үшіншіден, ауа райының жылы, қолайлы болуы.

Кипрде туризмді өрге бастырудың бірден-бір қолдаушысы — өз мемлекеті. Саяхаттаушыларға демалыс қолайлы, ыңғайлы болуы үшін туризмге Кипр ұйымы жауап береді. Ол ұйымның ресми сайтында арал туралы тиянақты ақпараттар мен көптеген кеңестер, қызықты ұсыныстар бар. Жарнама, көрнекі құралдарды пайдалану жолға қойылған.

Расында Кипр мен Шардараның ұқсастығы көп. Теңіз суы, күннің ыстықтығы шамалас. Демалушылар да суға шомылып, ыстық күннің күшін бойына дарыту үшін артынып-тартынып келмей ме? Біздіңше, шетел туристері үшін Шардара Кипрге қарағанда арзанға түсер еді.

Десек те, Шардара туризмінің кемшін тұсы — облыс орталығынан алыстығында. Оның үстіне Шардараны әйгілейтін жөнді жарнама жоқтың қасы.



керек. Көшпенділердің өзі түгіл, аты жете алмайтын, аты қарғып өте алмайтындай қорған салуым керек деп алғаш қамал тартқан жері де осы қазіргі Шардараныз, қазіргі Иіржар. Осы Шаштан бастап Бұқардың Қызылқұмына дейін созылып жатқан ұлы қорған болған. Қытайлар сол қорғанды көріп өздеріне Ұлы қорған салған. Сіздер сол жерде өмір сүріп жатырсыздар. Одан бергі заманда сақ пен парсы, түрік пен моңғол бұл жерлер үшін тайталас болған кезде өткен тарихтың бәрін өздеріңіз білесіздер» (халық жазушысы Әбіш Кекілбайдың 2008 жылы мамыр айының соңғы күндерінде Мақтааралдың Атакентіндегі «Мырзақұл ата» мешітін ашардағы сөзінен).

Бүгінде суы тұнық, құмы ыстық осы Шардараны Бұрабай, Баянауыл, Түркістан сияқты туристік орынға айналдыруға болар еді.

Ұлы Абай «Болмасан да, ұқсап бак» демеп пе еді? Біз де Шардарамызды сонау алыстағы туризмді өркендеген Кипр аралдарымен салыстырып көрелікші.

Кипр аралы несімен ерекшеленеді?

Ең алдымен, әрбір тұрғынның сана-сезімі туристерге қал-қадерінше «тиімді, қызықты қызмет етуге тиіспін» деген қағидаға құрылған. Өйткені туризм — аралда күнкөрістің жалғыз көзі. Құдай берген қара тас пен саз жерлі сырт көз көрсе, қызығатындай етіп шебер адамдардың қолы жаратқан. Дастарханын да сол өлкенің сұлулығына тән жайнатып, жарқыратып жаяды. Тәбетін

Мемлекет тарапынан шындап қолға алынса, еліміздегі туризмді дамыған аймақтарды былай қойғанда, Кипрден кем түспесі анық. Бұған мүмкіндік мол. Мысалы, Түркістан облысының миллион халқы туризм сапарындағы бастапқы қадамын Шардарадан бастаса, игі іс нәтижесін берер еді. 1 миллионға таяу тұрғыны бар Шардара, Сарыағаш, Келес, Жетісай, Мақтаарал аудандарының жұмыссыз адамдары туризм арқылы да нәпакасын тауып жер еді.

«Шардара» атауы неден шыққан? «Шор» парсы сөзі, яғни «4» саны. «Дора» — тарап. Ендеше, Төрт тарап. Осы төрт тараптан ағылатын туристердің келімі-кетімін жеңілдетіп, заманауи жағдаят жасатып, Шардарамен қатар түбектегі бүкіл өлкенің де шырайын келтірсе ғой, шіркін!

Шардараның Кипрден несі кем?

Өсімхан ПІСТЕБЕК,
Шардара ауданы
Түркістан облысы

P.S.

Кастор туристік агенттігінің мәліметіне сенсек, Кипр қазақ туристерін көптеп тартып жатыр. Дегенмен Түркістан облысының әкімі Жансейіт Түймебаев та туризм мәселесіне заманауи талаппен қарап, оның дамуына айтарлықтай негіз жасап келеді. Осы орайда облыстық туризм және инновациялық даму басқармасын құрды. Ал таяуда шағалалы Шардарда халықаралық туризм фестивалі өтеді.

Инфографика

САЛЫҚ ҚАРЫЗЫ

(2018 жылғы 1 тамыздағы мәлімет)

ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ
ҚАРЫЗЫ – 26,9 млрд теңге

НЕГІЗГІ ҚАРЫЗ –
19,4 млрд теңге

ҚОСЫМША АЛЫМ
(пеня) – 7,2 млрд теңге

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН
МҮЛІК САЛЫҒЫ –
1,3 млрд теңге

КӨЛІК
САЛЫҒЫ –
20,2 млрд
теңге

ЖЕР
САЛЫҒЫ –
0,7 млрд
теңге

НЕГІЗГІ
САЛЫҚ –
15,3 млрд
теңге

ҚОСЫМША
ТӨЛЕМ
(пеня) –
4,9 млрд
теңге

842 181
адам
қарыз

Оның ішінде
НЕГІЗГІ ҚАРЫЗ –
0,9 млрд теңге

ҚОСЫМША АЛЫМ
(пеня) – 0,4 млрд теңге

461 866
адам қарыз

Оның ішінде
НЕГІЗГІ
ҚАРЫЗ –
0,4 млрд
теңге

ҚОСЫМША
АЛЫМ
(пеня) –
0,3 млрд
теңге

392 618
адам
қарыз

БАРЛЫҒЫ – 1 409 864 адам
салық төлемеген

Дереккөзі: Қазақстан Республикасының қаржы министрлігі

Болған оқиға ізімен

(Басы 1-бетте)

Сот төрағасының үкімі құлағында әлі жаңғырып тұр. Тас қабырғалар да күңіреніп, үн қосатын сияқты. Басы зеңіп, көзі қарауытып, жүрегі тулай жөнеледі. Артына, жан-жағына жалтақ-жалтақ қарайды. Есік-терезесі белгісіз тастай қараңғы бөлмеде жападан-жалғыз қалыпты. Таң да ашы ішектей созылып алған. Мұнда таңның атып, күннің батқанынан хабарың болмайды екен. Бұрынғыдай қауырт жұмыс, тіршілік үшін күрес атымен жоқ. Уақыт та тоқтап қалғандай.

Бұл қай жер? Нұрлан өзі отырған қараңғы қапастың атын есіне алғысы жоқ. Есіне түсірсе, қайтадан жүрегі тулап, басы айналып, мазасыз күйге түседі. Сол үшін ойын басқа жакқа бұрып, қайдағы-жайдағыны ойлауға тырысып бағады. Бірақ ойдан ұшқыр, қиялдан жүйрік не бар? Сан-мың қиялдың ұшқыны бір нүктеге тоғысқанда, құлағына әлгі жаңғырық қайта оралады. «3 жылға бас бостандығынан айырылсын!» деп жаңғырады.

... Бір кезде ол өзіне-өзі күбірлеп «Бұл түрме. Бұл абакты» деді қайталап. Содан соң мұнда қалай түскенін ой-елегінен өткізе бастады...

ТҮРМЕДЕГІ ТҮН

Нұрлан Жыланбаев осымен бесінші, әлде алтыншы рет сотталып жатыр. Нақты санын дәл қазір өзі де айта алмайды. Тек 2005 жылдан бері көлік ұрлауға әуестеніп, ақшаға батып қалмаса да, қайта-қайта түрмеге түскені ғана есінде. Ең алғаш бұл көлік жасайтын орталықта жұмыс істейтін Қызылордадан келген жерлесі Ерлан екеуі бір «Жигулиді» «сойып» сатып жіберген. Онай олжа тапты. Әйелі мен бойжетіп қалған қызын асырау аяқ-қолы бүтін азаматқа аса қиын шаруа емес. Бірақ басқа жұмысқа қыры жоқтай, әлде дөндеп алған соң тастай алмай қалды ма, әйтеуір, осы кәсіпке бүйрегі бұрып тұратын болды.

Әйелі мен қызы жүгіріп жүріп талай жақсы жұмыс тауып берген. Бұл бәрінен бас тартты. Үйде шалқасынан жатып алып:

— Сендерге ақша тауып берсем болды ғой. Басқаға бастарың ауырмасын, — деді бір жолы кесіп сөйлеп.

— Сен қандай жолмен ақша тауып жүрсің? Адал еңбекпен болса, шаруамыз жоқ. Бірақ сенің жүрісің суыт. Екі күн жоғалып кетіп, жұрттың жарты жылда табатын ақшасын алып келесін. Бұл не қылған батпан құйрық? — деді әйелі шыр-пыр болып. Ондайда Нұрланның жауабы дайын.

— Жұрттың өмір сүруге икемі жоқ, — дей салады.

Ұрлыққа әбден ысылып алған соң, ол Ресейде шығарылған көліктерді ғана ұрлайтын

Н.Жыланбаев әлгілердің қайдан шыққанын, өзінің қалай ғана оп-оңай тұзаққа түсіп қалғанын түсініп үлгермеді. Бірақ сот кезінде бұл барлық көліктің шығынын төлеп беруге келісіп, сот залынан бостандыққа жіберілген. Соның желі ме екен, ол көлік ұрлығын аса үлкен қылмыс санамайтын болды. Тіпті



соншалық жеңіл кәсіп көрді. Үйде ақша болмай қалса, қорадағы қой сияқты біреуін дырылдатып әкеліп, бір-екі жерін шұқылап, сатады да жібереді.

Уақыт өте келе ол мұндай ұрлыққа әбден ысылып алды. Полицейлерге ұстайтын ілік, түсетін із қалдырмайтын денгейге жетті. Бәрін түлкінің жымындай жасырып-жауып жүрді. Алайда Алматыда жап-жана «ВАЗ» көлігін Нұрланнан басқа ешкімнің ұрламайтыны полицейлерге аян. Сондықтан қалалық ішкі істер департаментінің автокөлік қылмыстарын ашу бөлімі, ең алдымен Нұрланды нысанаға алады. Сауысканнан сақ ұры әр жолы бір жерден ағат кетіп отырды. Жамандық жерде жатпайды деген сол ғой. Бір жолы құтылып кетсе, екінші «жорық» кезінде міндетті түрде қолға түсіп қалады. Бірақ барлық соттан көлік иесінің көңілін тауып, темірдің құнын төлеп, айыптан құтылуге әбден үйреніп алыпты.

Тергеушілер, әсіресе, Алматы қалалық ішкі істер департаментінің автокөлік қылмыстарын ашу бөлімінің жедел уәкілдері соттан Нұрланды жібермеуді, бірнеше жылға

DETECTIVE



5

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz

салып, бір-екі рет қатты бұрасан, ашылып кетеді. Оталдыру да сондай оңай. — Кузов нөмірін қалай өзгертіп жүрсің? — деді Нұрлан болашақ серігін сынап. — Қазір кузов нөмірін тексермейді ғой. Бұрын қиын болған. Мықты дәнекершіге кесіп алдырып, жымын білдіртпей дәнекерлететімін, — деп Дәулет ағынан жарылып жатыр. Оның әңгімесіне қарағанда, бірнеше Mazda мен Mitsubishi Galant-тың басына су құйыпты. Бір рет қолға түсіп, түрмеге тоғытылып шығыпты.

— Сол жолы мені қара басты. Бір аптада үш көліктің ізін суытып үлгеріп едім, — деп басталды бір ұзақ әңгімені. — Алматының Ұлжан мен «Заря Востока» ықшамаудандарының ортасында терең сай бар. Сол жердегі тұрғындар болмаса, былайғы жұрт байқай бермейтін ұры жыра. Үш көлікті де әлгі сайға тықтым. Айналасы қамыс-қоға. Сыртынан онда не барын байқай алмайсыз. Содан үш машинаны қаңтарып тастап, у-шу басылғанша бір апта күттім. Бәрі тынышталды-ау деген уақытта Ерланның СТО-сына әкеле қояйын деп екі-кештің ортасында жігіттермен келгем.

— Содан не болды? — деп Нұрланның шыдамы таусылып бара жатыр. «Мына патшағар әңгімені жақсы айтады екен, ә» деп ойлап үлгерді.

— Не болушы еді, қара басты деп отырмын ғой. Біз үш көлікті сайдан шығарып, енді жүре бергенде сау етіп сақшылар басты да қалды. Қашып құтыла алмадық. Содан 3 жылға сотталдым да кеттім. Бірақ бір жылдан кейін рақымшылықпен түрмеден уақытынан бұрын босап шықтым, — деп әңгімесіне нүкте қойғандай бойын тіктеп отырды.



БӨЛІС ПЕН КЕРІС

Нұрлан Динараны есіне алса, өкініштен өзегі өртеніп кететін болған. Неге? Өйткені әлгі бірінші күнгі топтасқан ұрлықтан кейін, бұлар бөліске келісе алмай қалған сияқты. Қыздың үлесі

аз болды ма, бір тырнағын ішіне бүгіп қалды. Не болса да, бәрі

БАУКЕСПЕ

Деректі әңгіме

болды. Әсіресе, «Нива», «Жигули», «Ваз-21014» сияқты темір арғымақтарды артынан қалмай жүріп, төрт дөңгелегін тік көтеріп әкетсе де, көзін құртады. Тергеушіге берген түсініктемесінде Ресейде өндірілген көліктердің шыққан жылы жана болатынын, оны кілтсіз оталдырып, оп-оңай айдап кетуге болатынын, жол полицейлерінің мұндай көліктерді көп тоқтата бермейтінін алға тартты.

Бұдан бұрынғы соттардың кейбірінде көлік иесімен келісіп, түрмеден аман қалып жүрген. Түрмеге түскен күннің өзінде рақымшылыққа ілініп немесе белгілі мерзімін өтеген соң, құлан-таза құтылатын. Бұл жолы жағдайы о бастан қиын түйінмен басталды. Бір емес, үш көліктің ісімен шатылды. Оның үстіне 54 жасында түрмеге түскеніне іштей опық жеп отыр. Өкініш өзегін өртеп жатып, 2006 жылғы бір «жорығын» есіне алды.

— Ой, ол бір аспаннан алтын жауған кең заман екен ғой! — деп тағы да өзіне-өзі күбірледі. Тас еденнің ызғары жамбасынан өткен соң, орнынан тұрды. Ары-бері жүрді.

— Алматыда алшан-алшан басып жүріп, екі айда 5 машинаның көзін құртып едім, — деп мырс етті қараңғы түрме түбінен. Төртеуінің жымын білдірмей, «ішек-қарнын ақтарып» сатып жіберген. Бесінші көлікті айдап кеткен күні жаман түс көрді. Түсінде қап-қара көлге тұншығып, жағаға жете алмай,

қиналып жатыр екен. Бастырылып жатып, әрең оянды. Сол күні түс кезінде бұл көлікті біреулерге сатпақшы болып, көшеге мініп шығады. Әлгі адамдар «Ваз-21014» автокөлігін ары қарап, бері қарап, ұзақ саудаласады.

Төрт көшенің қиылысқан тұсы болатын. Қолма-қол ақша алып жатқан кезде, арнайы жасақ сау ете қалды.

MAZDA MEN GALANT-ТЫҢ ҚҰПИЯСЫ

Түрмеде жатқан адамның ойына қайдағы-жайдағы оралады екен. Ерлан екеуі бірігіп, осы кәсіппен айналысып жүргенде, бұларға үшінші адам қосылды. Дәулет те осы жолмен ақша тауып жүрген нағыз баукеспенің өзі болып шықты. Ерланның көлік жасайтын орталығындағы оңаша бөлмеде үш ұрының басы қосылып, ұзақ-ұзақ кеңесіп, ұлы жоспар құрды. Бұлардың танысуына себепкер болған адам — Ерлан. Әлгі Дәулет те «жемтігін» Ерланмен бөліседі.

— Маған жылы көне Mazda мен Mitsubishi Galant қана қызық. Қалғанына «интерес» жоқ, — деді танысқан бойда.

— Неге? — деді Нұрлан бір көзін сығырайтып.

— Бұл екі машинаның ең үлкен «ауруы» — құлыбында.

— Сонда қалай? Құлыптары нашар ма?

— Иә, әсіресе, Mazda-626 көлігін кез келген кілтпен ашып, оталдыруға болады. Ал Mitsubishi Galant-тың құлыбын ашу үшін отвертка болса жеткілікті. Темірдің ұшын балғамен соғып, кілтке ұқсатып, құлыпқа

— Сексен, тоқсаныншы жылғы көліктерді қашанғы ұрлай бересіндер. Ұры деген жаман аттарын бар. Түйе ұрласандар да, түйме ұрласандар да, бәрібір сотталасындар. Одан да «жип» алып келсендерші? — деп екі баукеспенің сұхбатына шок тастады Ерлан.

— «Жип» ұрлау қиын. Сигнализациясы бар. Содан кейін оны анау-мынау адам мінбейді. Бізді жерге кіріп кетсек те тауып алады, — деп «Мазданын» ұрысы басын шайқалды.

— «Нартәукел» деп бағымызды сынап көрмейміз бе? — деді «Жигулидің» баукеспесі.

JEEP-ТІҢ ДЕ ҰРЫСЫ БАР

Сол күні бұлар көп ақылдасты, жоспар құрды. Ақыры жүктей «жиптерге» шалма тастап көруге уағдаласты. Ол үшін сол қымбат көліктердің құпиясын білетін адам іздеу керек. Оны да тапты. Диас деген жас жігіт шетелдің су жана, жол талғамайтын дәу машиналарының кез келгенін ашып-шашып, бөлшектеп сатып жіберетін нағыздың өзі. Оны да Ерлан шақырды. Ұры-қарының бәрімен сыбайлас: дәмдес-түздас. «Жип» дегенін Нұрланның «Жигулиі» немесе Дәулеттің «Маздасы» емес қой. Ол кез келген кілтпен ашылмайды, маңына жуып кетсең, шиқылдап-қиқылдап, иесін шақырады. Сол үшін бұған Диасты араластыру керек. Бұл мықты шешім.

Бұлар енді үшеу болып іске кірісті. Диаста көлік пультінің құпиясын білетін құралғы бар екен. Ұялы телефон сияқты шағын екі зат. Біреуін пөлікке жақындатасын, екіншісімен пульттің толқынын «ұрлайсын». Әлгі сигнализация деп аталатын мықты технологияның да әлсіз жері болады екен. Алдымен құрылғыны таныстарының машинасына сынап көріп еді, бөленің жады жаңылмай тұр. Содан кейін бұлар іске кірісті. Диас танысым деп Динара деген қызды тартты топтарына. «Әдетте, әйел адамнан ешкім күдіктенбейді» деп сендірді. Ал Динара болса, ерек кіндіктің әлсіз жерін дөп басатын, қарақаттай көзін аударып-төңкергенде, аттылы адам түсіп, жаяу жатып қарайтын қылықтының өзі.

Бірінші күнгі «жорықтың» өзі сәтті басталды. Бұлар бір әйел мінген

ішінде. Екінші көлікті ұрлаған күні қиғылықты сол қыз салды. Ол күні Динара кәдімгідей «енбектенді». «Жемтігін» бірнеше күн аңдыды. Жұмыстан қаншада қайтады, көлігін қайда қояды? Бәрін көріп, көкейіне түйді. Ендігі қалғаны «толқын ұрлау» ғана. Нысана арзан емес, Toyota Land Cruiser. Құны 10 миллион теңгеден асып жығылады.

Сол жолғы ұрлықтың барлық бейнежазбасы тергеушілердің қолына түсітті. Сот отырысында айғақ ретінде әлгі жазбаны көрсеткен бұларға. Тас түрмеде жатқан Нұрлан сол жазбаны есіне алды. Атышулы бейнежазбада Динара көліктің иесімен бірге көпқабатты үйдің алдына келеді. Оған Toyota Land Cruiser-дің иесі есік ашып, құрмет көрсетеді. Олар жұбы жазылмай жеделсатыға мінеді. «Толқын ұрлау операциясы» сол жедел сатының ішінде болыпты...

Бірақ бұлар жап-жана көлікті «сойып» сатудан пайда аз қалатынын ескеріп, сол күйінде ғаламторға салды. Марқасы, жылы ұқсас басқа машиналардан арзан бағаға қойды. Ондағы ойлары — тез сатылып кетсін дегендері. Алушы тез табылды. Оңай олжаның артында күрмеулі түйін тұратынын әлгі төртеудің ешқайсысы ойлаған жоқ шығар?! Көлікті сатып жатқанда қолға түсті. Қашып та үлгермеді.

Мына отырысы — сол жолғы ұрлықтың «сыйы». Сот отырысы кезінде Динара қиғылық салып, бұлардың құрған жоспарын, осының алдында ғана Lexus 470-ті ұрлағандарын, қысқасы Нұрлан мен Ерланға, Диасқа қатысты құпияны түгел жайып салды. Өзін ақтап қалғысы келді. Содан сот төрағасы Нұрлан Жыланбаевты көлік ұрлығымен ұзақ жылдардан бері тұрақты айналысып келгені үшін 3 жылға соттады. Ал қасындағы сыбайластары 1,5-2 жылдан арқалап кете барды...

Тас түрменің ызғары қара табанынан өтіп, маңдайынан шыққан Жылқыбаев бүк түсіп, солқылдап жылай бастады. Көз алдына ұзатылғалы жатқан қызының күлкісі, әйелінің мейірімі келіп, ұзақ-ұзақ өксіді. Бірақ оны мына қараңғы қапаста еститін құлақ, көретін көз жоқ...

Жарас КЕМЕЛЖАН

(Алматы қалалық Ішкі істер департаменті криминалдық полициясы басқармасының автокөлік қылмыстарын ашу бөлімі ұсынған деректер пайдаланылды)



Ұрпақ тағдыры

Жұмыс уақытым аяқталып, кешіқұрым автобуспен үйге қайтып бара жаттым. Кенеттен бағдаршамның тұсында қолын жайып қайыр сұрап тұрған жасөспірім балаға көзім түсіп кетті. Қазақтың қара домалақ баласының екі көште алақан жайып, өткен-кеткен көлікке телміруі жаныма қатты батты. Әдетте, аялдамада қайыр сұрап жүрген мүгедекті, баласын көтерген ересек әйелдерді көретінбіз. Ол көрініске етіміз үйреніп кеткендей.

Ертесі күні сол баламен тілдеспек болып, әлгі аялдамаға бардым. Неге екенін, сол күннен бастап ол көрінбеді. Бәлкім, тәртіп сақшылары ұстап алып, кемелетке толмаған балаларды бейімдеу орталығына өткізген болар? Осы оқиғадан кейін қаламыздағы қаңғыбас балалардың тағдыры туралы білгім келді. Алып шаһардағы қаңғыбас балалардың статистикасына үңілдім. Тиісті мекемеге бас сұғып, бейімдеу орталығының бір күнімен таныстым.

Бүгінде қаңғыбас балалардың көбеюі өзекті мәселеге айналды. Бейресми деректерге сенсек, Алматы қаласы бойынша ата-анасы бола тұра, көше кезіп, қаңғырып жүрген балалардың саны жыл сайын 600-ден асады екен. Қоғамдық тәртіпке жауапты органдар мен түрлі ұйым өкілдері еліміздің әр қаласындағы «кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарынан» келіп түскен деректермен ғана шектеліп отыр. Мамандар тәртіп сақшыларының қолына түспей жүрген, бейімдеу орталықтарына келмейтін қаңғыбас балалардың нақты статистикасын анықтау мүмкін еместігін айтады. Қазір ел аумағында кәмелетке толмағандарды бейімдейтін 18 орталық жұмыс істейді. Мұндай



мекемелерге жылына ондаған мың бала қабылданып, жаман әдетінен арылып, қалыпты өмірге қайта бейімделеді екен. Солардың бірі — Алматы қаласындағы кәмелетке толмаған жасөспірімдерді уақытша ұстау орны. Райымбек даңғылы бойында орналасқан бұл орталық 2006 жылдан бастап жұмыс істейді. Орталықтың директор міндетін атқарушы, әдіскер Қатира Былашованың айтуынша, мұндағы балалардың көбісінің ата-анасы ішімдікке салынған. Ата-анасы көңіл бөлмейтін, материалдық жағдайы төмен, қараусыз қалған балалар да бар.

Дәл қазіргі уақытта орталықта 8 бала тәрбиеленіп жатыр. Үлкені 14 жаста, ең кішісі — 7-де. Қараусыз қалған кішкентай кезбелер бейімдеу орталығында 3 айдан 6 ай аралығында болады. Олармен жас ерекшеліктеріне байланысты арнайы психологтар айналысады. Мінезі ауыр немесе тәрбиесі нашар балалармен арнайы мамандар жұмыс істейді. Барлығы да ел қатарлы білім алады. Мұнда тәрбиеленетін балалар Алатау ауданына қарасты №91 мектепте білім алады. Орталық қорғансыз жеткіншектерге камкор болып, қайта тәрбиелеп және олардың қылмысқа ұрынбауының алдын алуға барлық жағдайды жасайды.

Бейімдеу орталықтары бұрын ішкі істер министрлігіне қарайтын. 2011 жылдың соңы айынан бастап, білім және ғылым министрлігінің қарамағына, яғни жергілікті білім басқармаларының қадағалауына берілген. Соған қарамастан, ішкі істер басқармасы саласының мамандары аталмыш орталықтармен әлі күнге дейін тығыз байланыста. Себебі қараусыз қалған балаларды көшеден ұстап әкеліп, кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарына өткізу жұмыстары тәртіп сақшыларының мойнында.

ҚАРАУСЫЗ БАЛА
ҚЫЛМЫСҚА ҰРЫНАДЫ

Қатира Былашованың айтуынша, кезбелердің көбі Алматы секілді үлкен қалаға үйір болады екен. Көбі қара базарда арба сүйреп,

аула тазалап күн көрсе, тағы біразы қоғамдық тамақтану орындарында ыдыс-аяқ жуып, жүк тасушы болып күнелтеді. Түнде жақын маңдағы бос нысан мен жертөлеге қонады. Араларында ұрлық-қарлық, тіленшілік секілді жаман қылмысқа үйірлері де жоқ емес. Базар жағалап, қара жұмысқа жегіліп, қайыр сұрап жүрген мұндай жеткіншектер бірден қаладағы бейімдеу орталығына жіберіледі. Кейде әкесі немесе анасы қайтыс болған жартылай жетім де кездеседі. Көбінің материалдық жағдайы төмен. Сондай балалар осы орталыққа келеді. Оларды 20 күннен кейін-ақ анасы келіп, алып кетуі мүмкін. Бұл орталыққа көп жағдайда мектептің немесе ата-ананың өтініш хатымен, камкорлық кеңесінің шешімімен қабылданады. Кейбір балаларды Алматы қалалық ішкі істер департаментінің жасөспірім ісімен айналысатын инспекторлар алып келеді. Бір жыл ішінде осы орталыққа 45-50 бала келеді екен. Қыс мезгілінде бала саны көбейеді.

Қатира Былашова «Біздің мақсатымыз — мұндағы тәрбиеленушілерді балалар үйіне жіберу емес. Оларды ата-анасына, отбасына қайтару. Себебі кей ата-ана

мектепке бармайтын болса немесе 14 жастан асып кеткен болса, біз оны қабылдай алмаймыз. Орталыққа жүктелетін ең басты міндет — балаларға дұрыс тәрбие беру, — дейді ол.

Орталықтың психологы Нұргүл Құлымбетова бұрындары тәртіпке бағынбаған тәрбиеленушілерін еске алды. Оның айтуынша, 2011 жылы 12 жастағы егіз қыз Ивачевалар орталыққа жеткізілген. Анасы жоқ, екі қыз ішкілікке салынған әкесінің тәрбиесінде болған. Орталыққа келген бойда алғашқы күндері тәртіпке бағынбай, қикар мінез көрсетіпті. Екі аптадай ол қыздармен жұмыс істеп, адаптациядан өткізгеннен кейін екеуі де жақсы мінез-құлық көрсете бастаған. Бірақ егіздердің әкесі берілген мерзім аралығында өзгермеген. Әкесін ата-ана құқығынан айырып,

ҚАҢҒЫБАС БАЛА
ҚАЙДАН ШЫҒАДЫ?

екі қыз балалар үйінде тәрбиеленіпті. Қазір олар бойжетіп, әлі күнге дейін орталыққа келіп рахметін айтады екен.

Орталық әдіскері Қатира Былашованың айтуынша, кейбір балаларды әке-шешесі кепілге өткізіп кетеді.

«Ата-аналар балаларын тұрмыстық жағдайына байланысты бізге өткізіп жатады. Әртүрлі қысқартуларға ұшырап, жұмыссыз қалатындары бар. Үй-жайынан айырылып қалғандар да кездеседі. Алыс-жақын елдерден жұмыс іздеп келген қырғыз, өзбек, тәжік мигранттары өткізіп кеткен балалар да бар. Ата-аналары тұрақты жұмыс тауып, аяғынан тұрып кеткенше орталық қарайласады. Бірақ оларды қабылдау шарттары бар. Алдымен, білім басқармасының арнайы рұқсаты керек. Ата-анасыз балалар білім басқармасының қаулысы негізінде балалар үйіне жіберіледі. Сондай-ақ ата-анасы соңынан іздеп келмейтін, яғни балаға мүлдем қарағылары келмей, біржола бас тартқан, ішкілікке салынған ата-аналар да

отбасындағы кикілжің мен ажырасудың кесірі көп, — дейді мамандар. Соңғы жылдары елімізде ажырасу деректері көбейіп кетті. Әрбір үшінші



жұптың некесі жылға жетпей үзіліп, шаңырағы шайқалады. Қаншама бала әр түрлі деңгейде психологиялық соққы алып, қиындыққа тап болуда. Қатира Былашовадан орталықта тәрбиеленіп жатқан бір-екі баламен тілдестіруді сұрадық. Ұлты орыс болса да, мұндағы балалар қазақ тілін жетік меңгеріпті. Сөзге тарттық.

— Есімің кім?
— Антон.
— Антон, жасың нешеде?
— 12-де.
— Бұл орталыққа қашан келдің?
— 22 мамырдан бері осындамын.
— Бұл жер саған ұнай ма?
— Әрине, ұнайды. Мұнда менің достарым бар.

Бізді тәрбиешілер жақында «Апорт» ойын-сауық орталығына апарды.

— Антон, болашақта кім болғың келеді?
— (Біраз ойланп тұрып) Мен өскенде әскери ұшқыш болғым келеді.

— Ал ұшқыш болу үшін не істеу керек?
— Жақсы оқу керек.

Келесі кейіпкеріміз Даша есімді қыз да 12 жаста екен.

— Даша, сен бос уақытыңда немен айналысасың?

— Мен бос уақытымда сурет саламын, билегенді жақсы көремін.

— Болашақта кім болғың келеді?

— Әнші болсам деген арнымым бар.

— Бұл орталық өзіне ұнай ма?

— Иә, қатты ұнайды.

Осында қалғын келе ме, әлде үйге қайтқын келе ме?

— Әрине, мен үйіме қайтқанды қалаймын. Бұл жерге де бауыр басып қалдым. Сонда да өз үйіме кетсем деймін.

Бейімдеу орталығындағы алаңсыз ойынға беріліп, бірін-бірі қуалап, ойнап жүрген

балалардың жанын жаралайтын сұрақ қойғым келмеді. Тәрбиешілері де әке-шешесі туралы, мұнда қалай келгені туралы сұрақтарды қоймауымды өтінді. Себебі, олар өздерінің бұл орталықта уақытша тәрбиеленіп жатқанын, жақын күндері ата-анасымен қауышып, отбасына қайтатындарын біледі. Бізбен жүздескен балалардың жасы әр түрлі. Қатира Былашова орталықта 7 мен 14 жас аралығындағы балалар тәрбиеленіп жатқандығын бізбен болған алғашқы әңгімесінде айтып өткен болатын. Орталықтың ішін аралаған сайын оған көзіміз жетті. Оқу жылы кезінде орталықтағы балалардың аз-көбіне қарамастан, барлығы дерлік мектеп бағдарламасына сай білім алады. Сұрастыра келе, балалардың кезбелікке салынуының себебі де түрліше екеніне көзіміз жетті. Бірі ата-анасы бола тұра өз бетінше ақша тапқысы келіп, үйінен кетіп қалады. Енді бірі ата-аналарының арасындағы ұрыс-жанжалдан мезі болып, туған үйінен безген. Қаңғыбас

балалардың арасында толық емес отбасынан шыққан жеткіншектердің саны басым. Мамандар жалғызбасты аналардың немесе әкелердің қолында өскендер сыртқа қашуға бейім екенін айтады.

Сондай-ақ кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталығына балалар үйінің тәрбиеленушілері де түсіп тұрады. Бірақ көп емес. Алматы қаласы бойынша жыл басынан бері балалар үйі мен арнаулы интернаттардан 3 бала ғана қашқан. Барлығы кері қайтарылды.

Әзірге елімізде кезбе жасөспірімдердің себептерімен күресу ауыз толтырарлықтай нәтиже беріп жатқан жоқ. Ал тәртіп сақшылары мен әлеуметтік педагогтар бұл мәселенің тек салдарымен күресіп жатыр. Сонда да кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарының

қаңғыбас балалардың санын азайтудағы рөлін жокқа шығара алмаймыз. Өйткені бұл жерде адасып барып, есін жиған ата-ана баласымен қауышады. Тәртібі қиын балалар түзеу мекемелеріне, ата-анасы жоқтар балалар үйіне жіберіледі. Сол себепті мұндай орталықтардың өмір сүруін заңды құбылыс деп қабылдауға мәжбүрміз.

Мақпал НОҒАЙБАЕВА

ОТБАСЫЛЫҚ КИКІЛЖІҢ —
ОЙРАНЫҢ БАСЫ

Баланың еркінен тыс қаңғыбасқа айналуына көбіне отбасындағы кикілжің, ата-ананың тәрбиеге салғырттығы, есірткіге елтіп, ішкілікке салынуы себеп болып жатады. Әсіресе,



ПАРАСАТТЫ ҒАБИТ МҮСІРЕПОВПЕН КЕЗДЕСУ

... Бұл оқиға 1984 жылдың тамыз айында болды. Алатаудың бөктерінде арнайы салынған жазушылардың «Шығармашылық үйінде» демалып жатқан едік. Осылай айтылғанымен, жазушылардың колдарынан каламы түспейтін кезі болатын. Асханада Ғабит пен Сәкен (*Жүнісов*) отырған столдың қатарындағы дастарханда отыратынымын. Бір күні стол басында отырған Ғабенмен сәлемдескен соң «Бұзауы өлген сиырдай мөніреп жұртқа ой қайтты» деген екен Дулат жырау. Ғабе, сіз Дулат жыраудың шығармашылығын жақсы білетін боларсыз?» — деп едім. Ғабен әдеттегісіндей соза сөйлеп: «Шын-ын-н айт-сам, терең білмейді екем», — деді.

Мен танырқай қарап «Ол кісіні терең зерттеген — Құлмат Өмірәлиев екен», — дедім. — Ә, солай-ма? Оны жақсы танысың ба? — Иә, сыйласпыз. — Онда шақырсаң қайтеді? — деді соза сөйлеп. — Кітабын да ала келсін.



— Жақсы, қазір шыға салып, телефон шалып көрейін, — деп түскі астан кейін кірісіп кеттім. Мұхтар Әуезовтің музейінде істейтін Мекемтаспен хабарласып едім, ол Ғабенмен кездесуге бірден келісіп, Құлмат екеуі сағат 3-ке қарай жететіндерін айтты. Мәкеңмен келіскеннен кейін бірден Ғабеннің бөлмесіне келіп жағдайды айттым.

Ғабен жадырай түсіп «Ракмет! Өзің ұйымдастырғыш екенсің» деді соза сөйлеп. Ризашылығын білдірді.

Айтқан уақыттарынан қалмай, Мекемтас пен Құлмат та кітаптарымен жеткен еді. Содан 2-қабаттағы арнайы орында әңгіме басталып кетті. Естіген жазушы-ақындардың барлығы жиналып, кешкі 7-ге дейін аса қызық әңгіме-дүкен болды. Кездесуден кейін менің бөлмеме келген Құлмат пен Мекемтас алғыс айтып, ризашылықтарын білдірді. Міне, осы кездесуден кейін Ғабеннің ыждағатыменен бірге серуендейтін болдық. Бірақ ол кісі 3-4 күннен кейін, Совминнің демалыс үйіне ауысып кетті.

Бұл кезде ұлы Мұхтар Әуезовтің музей үйінде «Қоғамдық университет» ұйымдастырылып, оның ректоры болып профессор Рахманқұл Бердібаев сайланды. Мекемтас Мырзахметовпен мен көмекшілері болдық. Мұндағы ең негізгі мақсат — бүгінгі заманның ерекше тұлғаларымен, жас ғалымдар мен зиялылардың кездесулерін ұйымдастыру болатын. Басты тақырыптар әр салада ашылып жатқан ғажайыптармен сырласу еді.

Осы жылдың қазан айында жазушы-ғұлама Ғабит Мүсірепов шақырылатын болды. Адамдардың көп жиналғаны соншама, тіпті студент жастар түрегеп тұрып тындады. Естіген жазушылардан келген — Сырбай, Ғафу, Қадыр, Сағи, Тұманбай, Сайын — бұлар да сығылыса жайғасыпты.

Әңгіме әртүрлі саладан болса да, негізінен Ғабеннің «Ұлан» романы жайында кеңінен талқы болды. Сырласу соңында, профессор Р.Бердібаев «Кімде қандай сұрақ бар?» делі. Ол бірнеше қайталап сұраса да, залда үнсіздік. Содан жан-жағыма қарадым да қолымды көтердім.

— Рұқсат па?
— Сұра, сұра.
— Ғабе, әңгімеңізге рақмет! Мен Кенесары жайында сұрасам деп едім. Илияс Есенберлин мақтап жазса, Сіз даптап жазыпсыз. Осы екі нұсқаның қайсысына сенеміз? — дедім де орныма отырдым.

Біразға шейін үнсіз қалған Ғабит Мүсірепов: — Маған сеніңдер, — деді де орнынан түрегеле бастады. Осыдан кейін залдағылар да тарады. Ғабен бастаған топ 2-қабатқа көтеріліп, жастар жағы топ-тобымен кете бастады. Микроауданда тұратындықтан, мен де тез жиналып үйге қайттым. Кейбіреулер бір-біріне сыбырлап:

— Ғабене «Жедел жәрдем» қызметін шақыртып жатыр, — дегендері естілді.
Ертенінде хирургия институтынан шығып, Жазушылар одағының 3-қабатына көтеріліп келе жатсам, алдымнан жымия күліп Сырбай ағамыз қарсы шықты.
— Сәке, бауырым, сенін сұрағыннан Ғабен ауырып қалды ғой, — деді.
— Қойыңызшы?! — дедім аң-тан болып. — Нендей ауру екен?

Сырбай Мәуленов түжілдей күліп «соқыршек» деді. Мен де жалдырай түсіп «Соқыр ішекте» ондай себеп жоқ» дедім де өз шаруаммен кеттім.

Ғабен «соқыр ішек» болмай, аман-есен үйіне қайтыпты. Әйтсе де, қасиетті Ғабен жарықтық келесі 1985 жылы дүниеден өтті.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВПЕН ӘҢГІМЕ

Көп кешікпей Ғабен жатқан люкс-бөлмеге Әбекең (*Әбділда Тәжібаев*) келіп жайғасты. Халқымыздың абыз-ақыны Тәжібаевпен ертеден таныс едім. Өйткені,

ол кісі менің сырлас-ұстазым академик Ишанбай Қарақұловтың туған құдасы. Біздер бұрыннан жиі кездесіп тұратынбыз. Сондықтан мен үшін Әбекеннің келгені ерекше әсерге бөледі. Бірақ бөлмемен көп шықпай жұмыс үстінде отырғамын. Себебі фантастикалық романым «Кәусарды» қайыра машинкаға басып жатқанмын. Осы шығармаға ерекше әсерленген ғұлама — Әбекеннің роман жайында «Социалистік Қазақстан» газетіне жариялаған пікір-эссесін бергенімді жөн санаймын.

«ҚАНАТТЫ АРМАН» (ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВТЫҢ АВТОР ТУРАЛЫ ПІКІР— ЭССЕСІ)

Жалпы әдебиеттегі қазіргі фантастика жанрларының алуан-алуан түрлері бар. Солардың ішінде ерекше мәнді, тегеуіріні темірдей логикаға құрылған нағыз ғылыми-фантастиканың орны бөлек. Өйткені ол бүгінгі қиял болғанымен, адамзат ұрпағының ертенгі жетер мұраттарын сөз етеді. Ғасырлар асуынан асып, келер өмірдің бейнесін жасаумен бүгінгі ұрпақты алға ұмтылдырады. Олардың ертеніне деген сенімдерін күшейтеді. Сондықтан болар, өзімізге ертеден таныс Жюль Верн, И.А.Ефремов, А.Беляев, А.Толстой каламдарынан туған фантастикалық

моделін жасаған осынау құбылысты ғылымның күдіретімен адам баласы өз тіршілігіне қайыра әкеліп пайдалануға тиісті.

— Мынау ойың шынында да қиялға сыймастай қызық екен. Ал енді бұл жайында сөз ететін ғылым еңбектер бар ма?
— Әзірше бұл қиял ғой. Әйтсе де, күллі өсімдіктер әлемі түгелдей осы принциппен өсіп-өніп келеді. Олар жерден тамырлары арқылы тек қалдықсыз нәрмен ғана қоректенеді. Тіпті өсімдіктер ауа райы қолайлы жерде бұтағындағы жапырақтарын да ауыстырмайды. Тиесілі қаншалықты ғұмыры болса, соншалықты уақыт жапырақтарын өзгертпестен мәңгі көгеріп тұрады.

Мінеки, автормен болған осынау әңгімеден кейін, мен «Кәусардың» дүниеге келуін соншалық асыға күттім. Кітап шыға

салысымен-ақ қолыма тиді. Зейін қоя оқып шығып, телефон арқылы авторына өз пікірімді кезінде айтқамын. Бұл кітап жайлы «Жұлдыз» бен «Білім және еңбек» жорналдарында басылған макалаларды да білемін.

Тек маған Ғарифолла Есімов деген философтың пікірі ұнамады. Себебі ол жалпы романда айтылып отырған ойларды ұғынып, түсінбеген. Тіпті оның «ағаш атаулының жемістерін қалдық» деп санаған пікірін оқығанда қатты қиналдым. Өйткені бұл — тым ағат пікір. Жеміс атаулының қалдық емес

химик, ҚазГУ-дің профессоры Батырбек Бірімжановтың туыстары екен. Профессор ағамыз Фурманов көшесінде тұрады. Алғаш үйленгелі жүрген шаруаларына көмектесіп, бірнеше рет кездескенім бар. Сонда қарсы беттегі үйде Бауыржан атамыздың тұратынын да естіген едім.

Бір күні Кашия апаммен ақылдаса келіп, заманымыздың атакты батыры Бауыржан Момышұлына сәлем бермек болып үйіне келдім. 2-қабаттағы есігінің алдына келген соң, жүрегім қағып толқығаным сонша, қолым дірілдеп, қонырауды баса алмай біраз тұрдым. Бір кезде қонырауды басқан күйі тұра берсем керек, есікті ашқан өзімдей бала-жігіт:

— Не болды ? Есікті аштым ғой, — деді.
Тұтыға тіл қатып:
— Кешір, Бауыржан атама сәлем берейін, — деген едім.
— Сен кімсің?
— Ауылдан оқуға түсуге келгемін. Сен кім боласың ?
— Бауыржанның баласы — Бақытжан болам...
— Ой, рақмет! Қандай жақсы болды.
— Әкем — Совминнің больницасында емделіп жатыр.
— Қап-ай! Сырқаты қалай?
— Аландама, жылдағы профилактикасы ғой.
Ертен осы уақытта кел, алып барайын, — деді Бақытжан. Басын изеп, ішке кіріп кетті. Менің Баукенді көрем деген алғашқы талпынысым осылай болды.

Кейін Жазушылар одағында кездесіп танысқаннан кейін, бірнеше рет арнайы сұхбаттасқаным бар. Баукен туралы эссе-сұхбат та жаздым. Ол кісінің өзіне тән мінезі мен мейірімді қылықтары көп-ақ. Шын мәнінде, Бауыржан ағамыз — халқымыздың феномені екені анық.

ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАРМЕН СҰХБАТ



екендігін ғалым түгілі, жас бала да жақсы біледі ғой. Асылы, қандай шығарма болсын, түсінбей пікір айту қиянат.

ҒАБИДЕН МҰСТАФИНМЕН ЖҮЗДЕСУ

Бұл кездесу де сол 1984 жылдың жазында болған. Алатаудың батыс бөктеріндегі бір «демалыс үйінде» «Акан сері» романының авторы Сәкен Жүнісов ағамызбен демалып жатқан едік. Сәкенмен жаңұмызбен аралас-құралас өмір сүріп жатқанымызға ондаған жылдар болатын. 1974 жылы мені Жазушылар одағы мүшелігіне ұсынған үш жазушының бірі — осы Сәкеннің өзі еді.

Бір күні Сәкен сері:
— Осы «демалыс үйінін» іргесінде Ғабиден ақсақал тұрады, қазір барып сәлем беріп шығайық, — деді.
— Жарайды.
— Кеттік.
Иә, сәл бұрылыста ғана ауласы кең бір қабатты үй екен. Ғабиден ақсақал ауласында жүр. Бізді көре салып, жайдары жүзбен қарсы алды.

Сәкен екеуіміз де жадырай:
— Армысыз ба, ұлағатты аға! — дедік.
— Бармысыздар, қасиетті бауырларым, жоғарылатындар! — деді. — Үйге кірелік. Сәкен айналасына қарап:
— Ауланыз тамаша екен. Ғабеке, мұнда қысы-жазы тұрасыз ба?
— Иә, соңғы 3-4 жыл осында тұрып жатырмыз. Ауасы жақсы.
— Керемет!

Ішке еніп Ғабиден ақсақалдың жазу бөлмесіне жайғастық. Жеке-жеке жөн сұрасқан соң, қоғамдағы болып жатқан әр түрлі мәселелерді әңгімелейді. Дастархан басында да сұхбаттасу көп болды. Ауладағы жайқалған жасыл-желектің астында отырып та сырластық. Ғабекең шешіле әңгімелесіп отырған соң, біздер де асықпай ұлы-бесінге жуық қайттық.

БАТЫР БАУЫРЖАН МОМЫШҰЛЫН ІЗДЕП БАРДЫМ

Менің оқушы кезімде неше қайтара оқыған кітабым Александр Бектін «Волоколамское шоссе» атты кітабының әсері болар. Алматыға оқуға түсуге келгенде-ақ Баукене сәлем беріп, кездесу арманым еді.
Жалпы біздер он жылдықтан соң, үкіметтің шақыруымен ауыл шаруашылық жұмысына бардық. Мен екі жылдай жылқышы болдым. Біз тұратын шаруашылық «Заготскот» атанып, Семейдің ет-комбинатына мал апарып тапсыратын еді. Осы мекеменің басқарушысы А.Рахметов ақсақалдың маған мейірімі түсіп, Мединститутқа шаруашылық атынан жоллама беріп, бір аса сыйлас танысының үйіне хат жазып берді. Алматыға келісімен-ақ сол Кашия апамыздың үйінде жаттым. Ол кісілер атакты

ҒҰЛАМА ӘЛКЕЙ МАРҒҰЛАНДЫ ТЫҢДАУ

Жалпы «Қоғамдық университеттің» бағдарламасы бойынша, академик Әлкей Марғұлан ағамыз үш түрлі нұсқадағы тақырыппен шақырылды.

Біріншісі — ұлы ғалым Шокан Уәлиханов;
Екіншісі — Ұлы дала археологиясының ерекшеліктері;
Үшінші — Әлекеңнің өз ғылымының ерекшеліктері туралы.
Бұл кездесулердің бірінен-бірі өткен керемет болғаны соншама жиналған жастар әрнәрсені сұрап, ұзақ сұхбаттасушы еді. Әлекең де жауап беруден еш жалықпайтын.
Соңғы лекциясының ақырында күле қоштасып:

— Көп білесін, көп білгендіктен көп сөйлеп қоясың?! — дейтін әзілдей күліп. Жастармен сырласқанына өзі де риза болып қоштасатын.

ӘЗІЛХАН НҰРШАЙЫҚОВ ӨЗ АҒА ЕДІ

Әз-ағанмен ұзақ жылдар аралас-құралас болдық. Алғашқы таныстығымыз Әзекеңнің үлкен ұлының үйлену тойынан басталған болатын. Оның туған құдасы, тарих ғылымдарының докторы, профессор Керейхан Аманжоловпен бір жерде туған жерлес едік. Осы тойды басқарушы болып жүрген, профессор Тұрсынбек Көкішевпен де аса жақын сырласып, жиі пікірлесіп жүрдік.

Әзекеңнің жазушылық мұратын асқақтатқан екі романы — «Махаббат қызық мол жылдар» мен «Ақиқат пен аңыз» екені рас. Бұл романдар жайлы болған кездесулерде жиі қатынастық. Әзекеңді ұлағатты ұстаз ретінде өзімнің алғашқы романым «Серперді» оқып, кенес беруін сұраған едім. Осы әрекеттің бір қызығы, тіпті Әз-ағаның мейірімділігі ретінде мәңгі есімде қалған бір жағдай бар. Ол романды берген бір аптадан кейін, бір күні кеш марқайған сәтте есіктің қонырауын естіп, барып ашсам, бәйбішесімен тұрған Әзекеңді көріп, қуанғаннан құшақтап үйге енгіздім.

Амандық-саулықтан кейін, «Серпер» жайында жазылған 20 беттен астам қолжазбасын алдыма қойды. Сөйтіп, біздер дастархан дайындалғанша менің жазу бөлмеме бірге тарата талдап, талқылаумен болдық. Пікірлесу өте мазмұнды да қызық өтіп жатты. Тіпті шайдан кейін де ұзақ отырдық. Қайтуға, тек такси шақырып қана аттандыруға тура келді. Мұның мен үшін керемет пайдалы болғанын айтып жеткізу қиын. Сонда аға мейірімін анық сезінген едім.

Совет-Хан ҒАББАСОВ,
жазушы, медицина және педагогика ғылымдарының докторы, профессор





AINA

E-mail: jas_qazaq@mail.ru

www.jasqazaq.kz



Топ жарған

Өсіп келе жатқан жас буынмен бірге еліміздің робототехника саласы да бой көтеруде. Оған дәлел, отандасымыз Любовь Дудченконың Қытайда жасөспірімдер арасында өткен ғылыми-техникалық инновациялар байқауында бірінші орынды иеленуі. Бұл туралы «КазРоботикс» Қазақстан білім және спорт робототехника федерациясы хабарлады. 33-ші ғылыми-техникалық инновациялар байқауы 14-20 тамыз аралығында Қытайдың Чуньшын қаласында өтті. Оған ғылыми жетістіктері бар 13-16 жас аралығындағы



жасөспірімдер қатысты. Көрерменді таңғалдырған Любаға танымал қытайлық ғалым Гао Шичи қорынын жүлдесі берілді.

Алматы облысында жеті атасынан бері аңшылықты кәсіп еткен әулет көп. Солардың бірі – Асысаға ауылында тұратын Алдаберген Шәліпов. Аңшымен бұрыннан таныс едік. Талай қансонарда бірге болғанбыз. Бұл жолы қария ми қайнаған тамызда шақырды. Жазда саятшылықтың болмайтынын білсек те, аңшылар ауылын бетке алдық.



Бізді ауыл шетінен аңшының өзі күтіп алды. «Сендерді қонақ етуге шақырған жоқпын. Былтыр маған қолқа салып едіңдер. Бүркіттің балапанын ұядан қалай алады? Соны көрсек деген жоксындар ма? Міне, уақыты келді. Дайын болсаңдар, тауға кеттік. Ат-көлік әзір» деп әңгімені қысқа қайырды.

— Ертерек айтпадыңыз ба? Біз де дайындықпен шығатын едік қой, — дедім жол бойы.

Бүркіт балапанын ұядан қалай алады?

— Мен сені күткенмен, бізді балапан күтпейді. Қара қанат тартып, ұшуға дайын отыр, — деген қария таудың тастақ жолында атын қамшылап алға оза берді.

Қарияның айтқанындай, балапан ұшуға таяп қалыпты. Шатқалдың астына келіп, жоғарыға көз салдық. Бала бүркіт ұяның жиегіне шығып, мойнын созып, бізге қарап қояды. Қарияның жолбастауымен жартастың басына шықтық. Қасымызда бүркітшінің ұлы Мелет бар. Ұяға түсетін сол. Тастың басына шыққан соң, тәжірибелі құсбегілер ұяға түсудің қамына кірісіп кетті. Алдымен Мелеттің беліне шешілмейтіндей, кеудені қысып қалмайтындай етіп арқан байлады. Содан кейін жас бүркітші қолына дорбасын, арқан-жібін алып құзға қарай түсті де кетті.

Біз құз басында арқанды саумалап, жас бүркітшіні төменге түсіріп жатырмыз. Жақпар тастың қуысынан балапан бүркіттің шырылдағаны, адамнан үркіп қуысқа қарай қашқаны анық көрініп тұр. Мелет түсіп еді, әлгі тұз құсы жас жігітке қарай айбат шегіп, тап-тап берді. Бүркітші жігіт қолындағы дорбаны құстың басына қарай лақтырып, еппен ұстап алды. Мен бәрін тастың жақпарынан



қыранға қатысты біраз сыр ағытты.

— Біз кез келген бүркіттің ұясынан балапан ала бермейміз. Ұяны таңдап аламыз. Ең алдымен, жағасындағы жемтікке мән береміз. Егер жемтік арасынан тау ешкінің сүйектері, сіліктер лағының жілігі сияқты ірі аңдардың сүйегі болса, онда оның тұқымы нағыз қыран деген сөз. Содан кейін, аталық қыран мен аналық қыран қандай жем әкеліп беріп жүр? Оны да алыстан бақылаймыз. Балапан жұмыртқадан шыққан соң, 90 күнде ұшады. Соған жеткізбей, уақытты есептеп жүріп, қара қанат шағында ұядан аламыз. Бұрынғы шалдар ұядағы балапанды аяғынан арқандап қойып, ұшатын кезде барып алған екен. Біз бүгін бұл балапанды сырттай қарап, бағып жүріп алдық, — деп түсіндірді.

Бүркітшімен болған бір күнімізде біз қазақтың құсбегілік өнерінің бекзада өнер екеніне көз жеткізгендей болдық.

Жарас КЕМЕЛЖАН

Тоқымашы жігіт

БӨРЕКЕДАН!



«Жігітке жеті өнер де аз». Нұрлан Жартыбеков – тоқыма шебері. Жетісу өңірінде тұратын қолөнерші ұзындығы 43 метрге жететін бөкебай тоқып, еліміздің рекордтар кітабына енді.

Stan.kz хабарлағандай, ол бөкебайды үш күн бойы демалыссыз тоқыпты. Ал әлемдік рекорд Бразилияда 64 сағат бойы бас алмай киім тоқыған азаматқа тиесілі. Сегіз қырлы, бір сырлы жігіт Алматы облысының өкімі Амандық Баталовтың қолынан сыйлық алды.

«Спорт – денсаулық көпірі» ұстанымын берік ұстанған «ҚазТрансОйл» компаниясы Алматыда халықаралық спартакиада ұйымдастырды. Сайыс спорттың 6 түрінен: мини-футбол, волейбол, эстафета, үстел теннисі, арқан тарту және кір көтеруден өтті. Додаға түсу үшін 16 командадан құрылған, 350 спортшы еліміздің әр облысынан жиналды.



айналдырды. Компания өз қызметкерлерінің денсаулығы мықты болып, салауатты өмір салтын ұстануға барлық жағдай жасап отыр. Мен осындай компанияда жұмыс істейтініме мақтанамын», — деді.

Жарыс нәтижесі бойынша спартакиаданың үздіктері анықталды. Командалық есеп бойынша бірінші орынды Павлодар мұнай құбыры командасы, екінші орынды Қарағанды, үшінші орынды

спартакиадаға мини-футбол мен волейбол, сондай-ақ жеңіл атлетика мен кір көтеру спортына қатыстық. Командамыздың мүшелері үстел теннисі мен кір көтеруден үшінші орын иеленді. Биылғы жарыста командалық көрсеткіш бойынша екінші орыннан көріндік. Бұл біз үшін үлкен мәртебе», — деді.

Шымкент мұнай құбыры басқармасы командасының мүшесі Айдар Абдуллаев «Біздің команда спорттың барлық түрінен жарысқа қатысты. Қуантатыны, командамыз арқан тарту сайысынан бірінші орын иеленді. Барлық